

**Семей қаласында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өтеу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы мәслихатының 2017 жылғы 21 қыркүйектегі № 18/115-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 5 қазанда № 5226 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жана редакцияда - Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 04.11.2022 № 35/244-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 - бабына, Қазақстан Республикасының "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңының 16-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Абай облысы Семей қаласының мәслихаты **ШЕШТІ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 04.12.2023 № 14/83-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Семей қаласында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өтеу тәртібі мен мөлшері, осы шешімнің қосымшасына сәйкес айқындалсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 04.11.2022 № 35/244-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Алып тасталды - Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 04.11.2022 № 35/244-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2.1. Алып тасталды - Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 04.11.2022 № 35/244-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2.2. Алып тасталды - Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 04.11.2022 № 35/244-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2.3. Алып тасталды - Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 04.11.2022 № 35/244-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**2.4. Алып тасталды - Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 04.11.2022 № 35/244-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**2.5. Алып тасталды - Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 04.11.2022 № 35/244-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Калалық мәслихат сессиясының төрағасы*

*C. Киселева*

*Калалық мәслихаттың хатшысы*

*Б. Ақжолов*

*Семей қаласы мәслихатының*

*2022 жылғы 4 қарашадағы*

*№35/244-VII шешіміне*

*қосымша*

**Семей қаласында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өтеу тәртібі мен мөлшері**

**Ескерту. Шешім қосымшамен толықтырылды - Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 04.11.2022 № 35/244-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Осы Семей қаласында мүгедектігі бар адамдар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өтеу тәртібі мен мөлшері Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы № 84 "Әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы" бұйрығымен бекітілген "Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22394 болып тіркелген) мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына (әрі қарай - Шығындарды өтеу қағидалары) сәйкес әзірленді.

2. Мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу (бұдан әрі – оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу "Абай облысы Семей қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі мүгедектігі бар баланың үйде оқыту фактісін растайтын оқу орнының анықтamasы негізінде жүргізеді.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 04.12.2023 № 14/83-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өтеу (толық мемлекеттің қамтамасыз етуіндегі мүгедек балалардан және оларға қатысты ата-аналары ата-ана құқығынан айырылған мүгедек балалардан басқа) отбасының табысына қарамастан үйде

оқытылатын кемтар балалардың ата-анасының біреуіне немесе өзге занды өкілдеріне беріледі.

4. Оқытуға жұмсаған шығындарын өтеу дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысында белгіленген мерзім аяқталғанға дейін өтініш берген айдан бастап жүргізіледі.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 04.12.2023 № 14/83-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

5. Шығындарды тоқтатуға әкеп соққан жағдайлар бар болғанда (мүгедектігі бар баланың он сегіз жасқа толуы, мүгедектігі бар баланың қайтыс болуы, мүгедектік мерзімінің аяқталуы, мүгедектігі бар баланың мемлекеттік мекемелерде оқып жатқан кезеңінде) төлемдер сәйкес жағдайлар туындағаннан кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

6. Мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өтеу үшін қажетті құжаттар тізбесі шығындарды өтеу қағидаларының 3-қосымшасына сәйкес ұсынылады, бұл ретте жеке басын сәйкестендіру үшін қандастармен жеке басын куәләндіратын құжаттың орнына қандас куәлігі ұсынылады.

7. Мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өтеу ай сайын әр мүгедектігі бар балаға оқу жылы ішінде он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

8. Үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өтеуден бас тарту негіздері шығындарды өтеу қағидаларының 3-қосымшасының тоғызынышы жолында көзделген.